

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құралымдарының офицерлік құрам, прапорщиктер мен мичмандар лауазымдарындағы келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 373 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.17. N 777 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.17. N 777 қаулысымен.

"Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 20 наурыздағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құралымдарының офицерлік құрам лауазымдарындағы келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы ережесі;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құралымдарының прапорщиктер мен мичмандар лауазымдарындағы келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы ережесі бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Офицерлік құрам лауазымдарында әскери қызмет өткеру мен осы әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен босату туралы контрактілер жасасудың тәртібі туралы уақытша ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 мамырдағы N 580 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 20, 176-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және олардың күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 шілдедегі N 789 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 22, 241-құжат).

3. Осы қаулы ресми түрде жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 21 сәуірдегі
N 373 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құралымдарының офицерлік құрам лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы ереже

Осы Ереже "Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 20 наурыздағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құралымдарының (бұдан әрі - Қарулы Күштер) офицерлік құрам лауазымдарында әскери қызметті өткеру туралы келісім-шарттың үлгісін, оны жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және тоқтату тәртібін айқындайды.

1-тарау. Офицерлік құрам лауазымдарында әскери қызметті өткеру туралы келісім-шартты жасасу, ұзарту және өзгерту тәртібі

1. Офицерлік құрам лауазымдарындағы әскери қызметті өткеру туралы келісім-шарт әскери қызметші не әскери қызметке қабылданатын адам және штаттық құрылымында әскери қызметті өткеру көзделген уәкілетті мемлекеттік орган лауазымды адамының арасында жасалады.

2. Офицерлік құрам лауазымдарында әскери қызметті өткеру туралы келісім-шарт:

1) белгіленген әскери қызмет мерзімі аяқталған кезде шақыру бойынша әскери қызметті өткеретін офицерлермен;

2) әскери қызметте тұрудың шекті жасына жетпеген запастағы офицерлермен;

3) кіші офицерлерді даярлау жөніндегі курстарға жіберілген әскери қызметшілермен курстарды бітіргеннен кейін;

4) әскери (арнайы) оқу орындарының курсанттарымен (тыңдаушыларымен), оқу орындарын бітіргеннен кейін;

5) жоғары білімі бар прапорщиктермен;

б) жоғары білімі және тиісті әскери мамандыққа бейіні бойынша ұқсас мамандығы бар ер және әйел адамдармен жасалады.

3. Осы Ереженің 2-тармағының 1), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген, келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеруге тілек білдірген әскери қызметшілер уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамына әскери қызмет өткеру туралы келісім-шарт жасасу туралы рапорт береді.

4. Запастағы офицерлер, сондай-ақ келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеруге тілек білдірген ер және әйел адамдар әскери есепке алынған жері

бойынша аудандық (қалалық) әскери комиссариатқа Заңның 16-бабында белгіленген құжаттар тізбесін ұсынады.

Аудандық (қалалық) әскери комиссариат уәкілетті мемлекеттік органның өтінімінде (қолдаухатында) белгіленген мерзімде тиісті әскери есептік мамандықтар бойынша кандидаттардың келіп түскен құжаттарын қарайды.

Заңның 17-бабының талаптарына сай келетін кандидаттардың құжаттары облыстық (қалалық) әскери комиссариатқа жіберіледі.

5. Облыстық (қалалық) әскери комиссариат қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес кандидаттарды іріктеуді жүзеге асырады, сондай-ақ арнайы тексеруді және медициналық куәландыруды жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

Іріктеуден өткен кандидаттардың құжаттары келіп түскен Қарулы Күштердің лауазымды адамдарының өтінімдеріне (қолдаухаттарына) сәйкес әскери бөлімдердің командирлеріне (бастықтарына) жіберіледі.

6. Әскери бөлімдердің командирлері (бастықтары) облыстық (қалалық) әскери комиссариаттардың іріктеуінен өткен запастағы офицерлерді аттестаттау комиссиясында қарауға шақырады.

Аттестаттау комиссиясы оларға қатысты оң шешім қабылдаған кандидаттармен офицерлік құрам лауазымдарында әскери қызметті өткеру туралы келісім-шарт қосымшаға сәйкес жасалады.

Қалған адамдарға әскери бөлім он күн мерзімде кандидаттың құжаттарын уәжделген бас тарту себептерімен әскери есепке алынған әскери комиссариатына қайтарады.

7. Офицерлік құрам лауазымында әскери қызметті өткеруге келісім-шарт Заңның 1-бабымен айқындалған уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамдарымен қосымшаға сәйкес жасалады.

8. Келісім-шарт жасасу, оның қолданылуының мерзімі мен тәртібі Заңның 15 және 16-баптарына сәйкес айқындалады.

9. Офицерлік құрам лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеретін, шекті жасқа жетпеген және келісім-шарт бойынша әскери қызмет мерзімін ұзартуға тілек білдірген әскери қызметшілер келісім-шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуына 3 ай қалғанға дейін оны ұзарту туралы рапорт б е р е д і .

Уәкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары аттестаттау комиссиясы қорытындысының негізінде келісім-шартты ұзартады. Келісім-шартты ұзартудан бас тартылған адамдар осы Ереженің 16-тармағына сәйкес босатуға жатады.

10. "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қаңтардағы Заңына сәйкес офицер-ғылым кандидаттарына (доценттерге), сондай-ақ әскери қызметте

тұрудың шекті жасына жеткен, жоғары кәсіби даярлығы, атқаратын қызметінде практикалық жұмыс тәжірибесі бар және денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметті өткеру үшін жарамды басқа да әскери қызметшілерге Қарулы Күштердің бірінші басшылары қызмет ету мерзімін 5 жылға дейінгі мерзімге, ал ғылым докторларына (профессорларға) - 10 жылға дейінгі мерзімге жаңа келісім-шарт жасасу жолымен ұзартуы мүмкін.

11. Офицерлік құрам лауазымдарында әскери қызметті өткеру туралы келісім-шарт екі тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және өзінің қолданылуын жасалған мерзім аяқталған кезде немесе оны бұзуға байланысты тоқтатады.

12. Офицерлік құрам лауазымдарында әскери қызметті өткеру туралы келісім-шарт біржақты тәртіппен өзгертілуі мүмкін емес.

Келісім-шартқа қажетті өзгерістер келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жатқан әскери қызметші қызмет бойынша жоғарылатылған, әскери атақ берілген (төмендетілген), ауыстырылған немесе орын ауыстырған жағдайда енгізіледі.

2-тарау. Офицерлік құрам лауазымдарында әскери қызметті өткеру туралы келісім-шартты тоқтату және бұзу

13. Офицерлік құрам лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызметті тоқтату және босату осы Ереженің 16-18-тармақтарында көзделген негіздемелер бойынша уәкілетті мемлекеттік орган лауазымды адамдарының жеке құрамы бойынша б ұ й р ы ғ ы м е н :

1) егер босатылатындар запаста тұрудың шекті жасына жетпесе және бейбіт немесе соғыс уақытында денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды болса запасқа ;

2) егер босатылатындар запаста тұрудың шекті жасына жетсе немесе әскери дәрігерлік комиссия денсаулық жағдайы бойынша әскери есептен шығарып жарамсыз деп таныған болса отставкаға шығара отырып жүргізіледі.

14. Офицерлік құрам лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер алдағы әскери қызметтен босату туралы алдын ала, босатуға дейін екі айдан кешіктірмей хабардар етіледі. Олармен осы Ереженің 16-тармағы 4) тармақшасының, 17 және 18-тармақтарының негізінде босатылатын адамдардан басқа, тікелей және басқа командирлер (бастықтар) жеке әңгімелесу жүргізеді.

15. Офицерлік құрам лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жатқан, запасқа (отставкаға) шығаруға жататын әскери қызметшілер істері мен лауазымдарын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ішкі қызмет жарғысында белгіленген мерзімдерде тапсырғаннан кейін, бірақ кезекті демалыста немесе емделуде болған кезінен басқа жағдайларда, әскери бөлім

запаса (отставкаға) шығару туралы жазбаша түрдегі бұйрықты алған күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей босатылуы тиіс.

16. Офицерлік құрам лауазымдарында әскери қызметті өткеру туралы келісім-шарт Заңның 21-бабына сәйкес мынадай жағдайларда тоқтатылуы мүмкін:

- 1) келісім-шарт мерзімінің аяқталуы бойынша, егер келісім-шарт тараптардың келісімі бойынша ұзартылмаған болса;
- 2) ұйымның таратылуына, санның немесе штаттың қысқаруына байланысты, егер әскери қызметші басқа ұсынылған лауазымға келіспесе;
- 3) денсаулық жағдайы бойынша - әскери дәрігерлік комиссияның әскери қызметке жарамсыз деп тануына байланысты;
- 4) соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуіне байланысты.

17. Офицерлік құрам лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеру туралы келісім-шарт мынадай жағдайларда бұзылуы мүмкін:

- 1) тараптардың келісім-шарт талаптарын орындамауына байланысты;
- 2) әскери қызметшінің қызметке дәлелсіз себептермен шықпай қалуына байланысты.

18. Офицерлік құрам лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеру туралы келісім-шарт әскери қызметшінің қалауы бойынша мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін:

- 1) оған қатысты келісім-шарт талаптарының елеулі немесе жүйелі бұзылуына байланысты;
- 2) отбасылық жағдайлары бойынша.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің,
басқа әскерлері мен әскери
құралымдарының офицерлік
құрам лауазымдарында
келісім-шарт бойынша әскери
қызмет туралы ережеге
қосымша

**Офицерлік құрам лауазымдарында әскери қызметті өткеру туралы
КЕЛІСІМ-ШАРТ**

_____ атынан
(уәкілетті мемлекеттік органның атауы, оның орналасқан жері)

_____ аты,
(уәкілетті мемлекеттік орган лауазымды адамының атағы, тегі, аты,

_____ аты және лауазымы)

және

(келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамның

тегі, аты, әкесінің аты, оның жеке басын куәландыратын құжаттың

атауы нөмірі мен берілген күні, әлеуметтік жеке кодының нөмірі,

салық төлеушінің тіркеу нөмірі)

Офицерлік құрам лауазымдарында әскери қызметті өткеру туралы осы Келісім-шартты заңнамамен және осы Келісім-шартпен белгіленген талаптарда _

----- м е р з і м г е ж а с а с т ы .

1. Офицерлік құрам лауазымына келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адам "Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 20 наурыздағы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабы 2-тармағының 3) және 6) тармақшаларында көзделген талаптармен танысты және оған әскери қызметтің зиянды және қауіпті жағдайлары туралы, сондай-ақ әскери қызметтің міндеттерін орындаумен байланысты құқықтардың шектелуі туралы ескертілді.

2. Офицерлік құрам лауазымына келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адам өз еркімен мыналарға міндеттеме береді:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларын сақтауға;

2) келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеретін әскери қызметшілер үшін қолданылып жүрген заңнамамен белгіленген шектеулерді қабылдауға;

3) келісім-шартпен белгіленген әскери қызметтің міндеттерін адал орындауға;

4) әскери тәртіп пен қызметтік әдеп нормаларын сақтауға;

5) қызмет процесінде мемлекеттік мүлікке зиян келтіруге жол бермеуге;

6) оған берілген құқықтар шегінде және лауазымдық міндеттерге сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыруға;

7) оған сеніп тапсырылған мемлекеттік, әскери, қызметтік және өзге заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын мәліметтерді, соның ішінде әскери қызметті тоқтатқаннан кейін де Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген уақыт ішінде жарияламауға;

8) адамдардың өмірі мен денсаулығына және мүліктің сақталуына қатер төндіретін жағдайдың туындағаны туралы хабарлауға;

9) командирлердің (бастықтардың) және өзге де лауазымды адамдардың оларға берілген өкілеттіктер шегінде берген бұйрықтары мен өкімдерін орындауға.

3. Офицерлік құрам лауазымына келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамның мыналарға құқығы бар:

1) Заңда көзделген шектеулерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасы кепілдік беретін құқықтар мен бостандықтарды пайдалануға;

2) өзіне командирлер (бастықтар) және өзге лауазымды адамдар тарапынан жеке басының ар-ожданын құрметтеуге, әділ және құрметпен қарауға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген нормалар бойынша және тәртіппен мемлекет есебінен ақшалай және заттай үлеспен қамтамасыз етілуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақымен қамсыздандырылуға, әлеуметтік және құқықтық қорғалуға;

5) біліктілігін, қабілеттерін, өзінің қызметтік міндеттерін адал атқаруын ескере отырып қызмет бойынша жоғарылатылуға;

6) негізсіз айыптаулар болған кезде қызметтік тексерісті талап етуге;

7) өмірі мен денсаулығының қорғалуына;

8) Заңда және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының офицерлік құрам лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы ережеде көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органмен келісім-шартты ұзартуға, өзгертуге және бұзуға;

9) техника қауіпсіздігі мен гигиена талаптарына жауап беретін қызмет жағдайларына;

10) демалысқа;

11) әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде өмірі мен денсаулығына немесе жеке мүлкіне келтірілген зиянның өтелуіне;

12) қызметтік міндеттерді атқарумен байланысты туындаған дауларды тараптардың келісімі бойынша немесе сот тәртібімен шешуге;

13) уәкілетті мемлекеттік органнан келісім-шартта тарапты білдіретін лауазымды адамның өкілеттіктерін растауды талап етуге;

14) өз кәсіби біліктілігін арттыруға;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын үйге;

16) қолданылып жүрген заңнамада көзделген басқа да кепілдіктер мен өтемақылар алуға.

4. _____

(уәкілетті мемлекеттік органның атауы)
келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамды _____ офицерлік

(тегі, аты, әкесінің аты)

құрам лауазымына келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдай отырып:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына және келісім-шартқа сәйкес әскери қызметтің тиісті деңгейін қамтамасыз етеді;

2) әскери қызметшіні Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген нормалар бойынша және тәртіппен ақшалай және заттай үлестің барлық түрлерімен, сондай-ақ олардың әскери қызметінің міндеттерін орындауы үшін қажетті құралдармен және материалдармен қамтамасыз етеді;

3) осы келісім-шартты жасасқан кезде келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамды лауазымдық міндеттерімен және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінде белгіленген әскери қызмет өткерудің талаптарымен таныстырады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыруды қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

5) әскери қызметшіге, өмірі мен денсаулығына немесе жеке мүлкіне әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінде көзделген тәртіппен және шарттарда өтеуді қамтамасыз етеді;

6) келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамға әскери қызметтің зиянды және қауіпті жағдайлары және кәсіби науқас болу мүмкіндігі туралы, сондай-ақ әскери қызмет міндеттерін атқарумен байланысты құқықтардың шектелуі туралы ескертеді;

7) осы келісім-шарттың 10-тармағына бұйрықтың күні мен нөмірін жаза отырып, әскери қызметшіні келісім-шартта көзделген лауазымға тағайындау т у р а л ы б ұ й р ы қ ш ы ғ а р а д ы .

5. Уәкілетті мемлекеттік орган лауазымды адамының мыналарға құқығы бар:

1) келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын (қабылданған) адаммен келісім-шартты Заңмен және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының офицерлік құрам лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы ережеде белгіленген жағдайларда жасасуға, ұзартуға, өзгертуге, бұзуға және тоқтатуға;

2) келісім-шарт жасасқан кезде әскери қызметке қабылданатын адамнан Заңның 16-бабында көзделген құжаттарды ұсынуын талап етуге;

3) өз өкілеттіктері шегінде бұйрықтар шығаруға;

4) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларында белгіленген тәртіппен көтермелеуге және тәртіптік жаза қолдануға.

6. Офицерлік құрам лауазымдарында әскери қызметті өткеру туралы келісім-шарт оған екі тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және жасалған мерзім аяқталғаннан кейін немесе оны бұзуға байланысты өзінің қ о л д а н ы л у ы н т о қ т а т а д ы .

Келісім-шартта және әскери қызметшіні лауазымға тағайындау туралы бұйрықта көрсетілген күн әскери қызметшінің қызметтік міндеттерін атқаруының басталуы болып саналады.

7. Келісім-шарттың талаптары тараптардың орындауы үшін міндетті болып табылады, тараптардың даулары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

8. Келісім-шарт екі данада жасалды, бір данасы келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданған адамға беріледі.

9. Қосымша талаптар _____

_____	_____
(келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамның тегі, аты, әкесінің аты)	(уәкілетті мемлекеттік орган лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты)
_____	_____
(жеке қолы)	(жеке қолы)
	М . О .

200_ жылғы "___" _____ 200_ жылғы "___" _____

10. Әскери қызметшінің қабылдануы және қызмет бойынша орын а у ы с т ы р у ы :

Офицер тағайындалған лауазым (әскери бөлімді көрсете отырып), тағайындау (орын ауыстыру, босату) үшін негіздеме, әскери есептік мамандық	Бұйрықты кім шығарды, оның нөмірі мен күні	Ескерту
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____

11. Әскери атақ беру (төмендету):

Қандай әскери атақ берілді	Бұйрықты кім шығарды, оның нөмірі мен күні	Ескерту
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 21 сәуірдегі
N 373 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құралымдарының прапорщиктер мен мичмандар лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы ереже

Осы Ереже "Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 20 наурыздағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құралымдарының (бұдан әрі - Қарулы Күштер) прапорщиктер мен мичмандар лауазымдарында әскери қызмет өткеру туралы келісім-шарттың үлгісін, оны жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және тоқтату тәртібін айқындайды.

1-тарау. Прапорщиктер мен мичмандар лауазымдарында әскери қызметті өткеру туралы келісім-шартты жасасу, ұзарту және өзгерту тәртібі

1. Прапорщиктер мен мичмандар лауазымдарындағы әскери қызмет туралы келісім-шарт әскери қызметші не әскери қызметке қабылданатын адам мен штаттық құрылымында әскери қызметті өткеру көзделген уәкілетті мемлекеттік орган лауазымды адамының арасында жасалады.

2. Прапорщиктер мен мичмандар лауазымдарында әскери қызметті өткеру туралы келісім-шарт:

1) мерзімді әскери қызметтің аяқталуы бойынша жоғары, орта немесе орта кәсіптік білімі бар солдаттармен, матростармен, сержанттармен және старшиналармен;

2) солдаттардың, матростардың, сержанттар мен старшиналардың лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеріп жатқан жоғары, орта немесе орта кәсіптік білімі бар әскери қызметшілермен;

3) әскери қызметте тұрудың шекті жасына жетпеген запастағы прапорщиктермен және мичмандармен;

4) жоғары, орта немесе орта кәсіптік білімі бар запастағы солдаттармен, матростармен, сержанттармен және старшиналармен;

5) жоғары, орта немесе орта кәсіптік білімі және тиісті әскери мамандық саласы бойынша ұқсас мамандығы бар ер және әйел жынысты адамдармен жасалады.

3. Прапорщиктер мен мичмандар лауазымдарында әскери қызметті өткеруге келісім-шарттар Заңның 1-бабымен белгіленген уәкілетті мемлекеттік органның лауазымы адамдарымен қосымшаға сәйкес жасалады.

4. Келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеруге тілек білдірген осы Ереже 2-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген адамдар әскери есепке алынған жері бойынша аудандық (қалалық) әскери комиссариатқа Заңның 16-бабында белгіленген құжаттар тізбесін ұсынады.

Аудандық (қалалық) әскери комиссариат уәкілетті мемлекеттік органның өтінімінде (өтінішінде) белгіленген мерзімде тиісті әскери есептік мамандықтар бойынша кандидаттардың келіп түскен құжаттарын қарайды.

Заңның 17-бабының талаптарына сай келетін кандидаттардың құжаттары облыстық (қалалық) әскери комиссариатқа жіберіледі.

5. Облыстық (қалалық) әскери комиссариат қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес кандидаттарды іріктеуді жүзеге асырады, сондай-ақ арнайы тексеру мен медициналық куәландыруды жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

Іріктеуден өткен кандидаттардың құжаттары Қарулы Күштердің тиісті лауазымды адамдарының келіп түскен өтінімдеріне (өтініштеріне) сәйкес әскери бөлімдердің командирлеріне (бастықтарына) жіберіледі.

6. Облыстық (қалалық) әскери комиссариаттардың іріктеуінен өткен запастағы прапорщиктер мен мичмандарды әскери бөлімдердің командирлері (бастықтары) аттестаттау комиссиясында қарауға шақырады.

Аттестаттау комиссиясы оларға қатысты оң шешім қабылдаған кандидаттармен прапорщиктер мен мичмандардың лауазымдарында әскери қызметті өткеру туралы келісім-шарт қосымшаға сәйкес жасалады.

Қалған адамдарға әскери бөлім он күн мерзімде кандидаттың құжаттарын әскери есепке алынған жері бойынша әскери комиссариатына уәжделген бас тарту себептерімен қайтарады.

7. Келісім-шарт жасасу, оның қолданылуының мерзімі мен тәртібі Заңның 15 және 16-баптарына сәйкес айқындалады.

8. Прапорщиктер мен мичмандардың лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеретін, шекті жасқа жетпеген және келісім-шарт бойынша әскери қызмет мерзімін ұзартуға тілек білдірген әскери қызметшілер келісім-шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуына 3 ай қалғанға дейін оны ұзарту туралы рапорт береді.

Уәкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары тұрақты жұмыс істейтін аттестаттау комиссиясы қорытындысының негізінде келісім-шартты ұзартады. Келісім-шартты ұзартудан бас тартылған адамдар осы Ереженің 15-тармағына сәйкес босатуға жатады.

9. Қарулы Күштердің бірінші басшылары әскери қызметте тұрудың шекті жасына жеткен, жоғары кәсіби даярлығы, атқаратын қызметінде практикалық жұмыс тәжірибесі бар және денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметті өткеру үшін жарамды прапорщиктер мен мичмандардың қызмет ету мерзімін "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қаңтардағы Заңына сәйкес 5 жылға дейінгі мерзімге ұзартуы мүмкін.

10. Прапорщиктер мен мичмандардың лауазымдарында әскери қызметті өткеру туралы келісім-шарт екі тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және өзінің қолданылуын жасалған мерзім аяқталғаннан кейін немесе оны бұзуға байланысты тоқтатады.

11. Прапорщиктер мен мичмандардың лауазымдарында әскери қызмет өткеру туралы келісім-шарт біржақты тәртіппен өзгерілуі мүмкін емес.

Келісім-шартқа қажетті өзгерістер келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жатқан әскери қызметшіге әскери атақтар берілген (төмендетілген), ауыстырылған немесе орын ауыстырған жағдайда енгізіледі.

2-тарау. Прапорщиктер мен мичмандардың лауазымдарында әскери қызметті өткеру туралы келісім-шартты тоқтату және бұзу

12. Прапорщиктер мен мичмандардың лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызметті тоқтату және босату осы Ереженің 15-17-тармақтарында көзделген негіздемелер бойынша Қарулы Күштер лауазымды адамдарының жеке құрам бойынша бұйрығымен:

1) егер босатылатындар запаста тұрудың шекті жасына жетпесе және бейбіт немесе соғыс уақытында денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды болса ;

2) егер босатылатындар запаста тұрудың шекті жасына жетсе немесе әскери-дәрігерлік комиссия денсаулық жағдайы бойынша әскери есептен шығарып жарамсыз деп танылған болса, отставкаға шығара отырып жүргізіледі.

13. Прапорщиктер мен мичмандардың лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер болатын әскери қызметтен босату туралы алдын ала, босатуға дейін екі айға дейін мерзімнен кешіктірмей хабардар етіледі. Олармен 15-тармақтың 4) тармақшасының, 16 және 17-тармақтардың негізінде босатылатын адамдардан басқа, тікелей және басқа командирлер (бастықтар) жеке әңгімелесу жүргізеді.

14. Прапорщиктер мен мичмандардың лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жатқан, запасқа (отставкаға) шығаруға жататын әскери қызметшілер істері мен лауазымдарын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ішкі қызмет жарғысында белгіленген мерзімдерде тапсырғаннан кейін, бірақ кезекті демалыста немесе емделуде болған кезінен басқа

жағдайларда, әскери бөлім запасқа (отставкаға) шығару туралы жазбаша түрдегі бұйрықты алған күннен кейін бір ай мерзімнен кешіктірмей босатылуы тиіс.

15. Прапорщиктер мен мичмандардың лауазымдарында әскери қызметті өткеру туралы келісім-шарт Заңның 21-бабына сәйкес мынадай жағдайларда **т о қ т а т ы л у ы** **м ү м к і н :**

- 1) келісім-шарт мерзімінің аяқталуы бойынша, егер келісім-шарт тараптардың келісімі бойынша ұзартылмаған болса;
- 2) ұйымның таратылуына, санның немесе штаттың қысқаруына байланысты, егер әскери қызметші басқа ұсынылған лауазымға келіспесе;
- 3) денсаулық жағдайы бойынша - әскери-дәрігерлік комиссияның әскери қызметке жарамсыз деп таңуына байланысты;
- 4) соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуіне байланысты.

16. Прапорщиктер мен мичмандардың лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеру туралы келісім-шарт мынадай жағдайларда **б ұ з ы л у ы** **м ү м к і н :**

- 1) тараптардың келісім-шарт талаптарын орындамауына байланысты;
- 2) әскери қызметшінің қызметке дәлелсіз себептермен шықпай қалуына байланысты.

17. Прапорщиктер мен мичмандардың лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеру туралы келісім-шарт әскери қызметшінің қалауы бойынша мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін:

- 1) оған қатысты келісім-шарт талаптарының елеулі немесе жүйелі бұзылуына **б а й л а н ы с т ы ;**

- 2) отбасылық жағдайлары бойынша.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құралымдарының прапорщиктер мен мичмандар лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы ережеге қосымша

**Прапорщиктер мен мичмандардың лауазымдарында
әскери қызметті өткеру туралы
КЕЛІСІМ-ШАРТ**

_____ атынан
(уәкілетті мемлекеттік органның атауы, оның орналасқан жері)

_____ (уәкілетті мемлекеттік орган лауазымды адамының атағы, тегі, аты,

_____ әкесінің аты және лауазымы)
және _____

(келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамның

тегі, аты, әкесінің аты, оның жеке басын куәландыратын құжаттың

атауы, нөмірі мен берілген күні, әлеуметтік жеке кодының нөмірі,

салық төлеушінің тіркеу нөмірі)

прапорщиктер мен мичмандардың лауазымдарында әскери қызметті өткеру туралы осы келісім-шартты заңнамамен және осы келісім-шартпен белгіленген негіздерде _____ мерзімге _____ жасасты.

1. Прапорщиктер мен мичмандардың лауазымына келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адам "Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 20 наурыздағы Заңы (бұдан әрі - Заң) 10-бабының 2-тармағының 3) және 6) тармақшаларында көзделген талаптармен танысты және әскери қызметтің зиянды және қауіпті жағдайлары туралы, сондай-ақ әскери қызметтің міндеттерін орындаумен байланысты құқықтардың шектелуі туралы ескертілді.

2. Прапорщиктер мен мичмандардың лауазымына келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адам өз еркімен мыналарға міндеттеме береді:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларын сақтауға;

2) келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеретін әскери қызметшілер үшін қолданылып жүрген заңнамамен белгіленген шектеулерді қабылдауға;

3) келісім-шартпен белгіленген әскери қызметтің міндеттерін адал орындауға;

4) әскери тәртіп пен қызметтік әдеп нормаларын сақтауға;

5) қызмет процесінде мемлекеттік мүлікке зиян келтіруге жол бермеуге;

6) оған берілген құқықтар шегінде және лауазымдық міндеттерге сәйкес өкілеттікті _____ жүзеге _____ асыруға;

7) оған сеніп тапсырылған мемлекеттік, әскери, қызметтік және өзге заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын мәліметтерді, соның ішінде әскери қызметті тоқтатқаннан кейін де Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген уақыт _____ ішінде _____ жария _____ етпеуге;

8) адамдардың өмірі мен денсаулығына және мүліктің сақталуына қатер төндіретін жағдайдың туындағаны туралы хабарлауға;

9) командирлердің (бастықтардың) және өзге де лауазымды адамдардың оларға берілген өкілеттіктер шегінде берген бұйрықтары мен өкімдерін орындауға.

3. Прапорщик пен мичманның лауазымына келісім-шарт бойынша әскери

қызметке қабылданатын адамның мыналарға құқығы бар:

1) Заңда көзделген шектеулерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясы және заңнамалары кепілдік беретін құқықтар мен бостандықтарды пайдалануға;

2) өзіне командирлер (бастықтар) және өзге лауазымды адамдар тарапынан жеке басының ар-ожданын құрметтеуге, әділ және құрметпен қарауға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген нормалар бойынша және тәртіппен мемлекет есебінен ақшалай және заттай үлеспен қамтамасыз етілуіне;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақымен қамсыздандырылуға, әлеуметтік және құқықтық қорғалуға;

5) біліктілігін, қабілеттерін, өзінің қызметтік міндеттерін адал атқаруын ескере отырып қызметі бойынша жоғарылатылуға;

6) негізсіз айыптаулар болған кезде қызметтік тексерісті талап етуге;

7) өмірі мен денсаулығының қорғалуына;

8) Заңда көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органмен келісім-шартты ұзартуға, өзгертуге және бұзуға;

9) техника қауіпсіздігі мен гигиена талаптарына жауап беретін қызмет жағдайларына;

10) демалысқа;

11) әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде өмірі мен денсаулығына немесе жеке мүлкіне келтірілген зиянның өтелуіне;

12) қызметтік міндеттерді атқарумен байланысты пайда болған дауларды тараптардың келісімі бойынша немесе сот тәртібімен шешуге;

13) уәкілетті мемлекеттік органнан келісім-шартта тарапты білдіретін лауазымды адамның өкілеттіктерін растауды талап етуге;

14) өз кәсіби біліктілігін арттыруға;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын үйге;

16) қолданылып жүрген заңнамада көзделген басқа да кепілдіктер мен өтемақылар алуға.

4. _____

(уәкілетті мемлекеттік органның атауы)

әскери қызметші (әскери міндетті) _____

(тегі, аты - жөні)

келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдайды және:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына және келісім-шартқа сәйкес әскери қызметтің тиісті деңгейін қамтамасыз етуге;

2) әскери қызметшіні Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген нормалар бойынша және тәртіппен ақшалай және заттай үлестің барлық

түрлерімен, сондай-ақ олардың әскери қызметтің міндеттерін орындауы үшін қажетті құралдармен және материалдармен қамтамасыз етуге;

3) келісім-шартты жасасқан кезде келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамды лауазымдық міндеттерімен және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерімен белгіленген әскери қызметті өткерудің талаптарымен таныстыруға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыруды қамтамасыз етуге;

5) әскери қызметшіге өмірі мен денсаулығына немесе жеке мүлкіне әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінде көзделген тәртіппен және жағдайда өтеуді қамтамасыз етуге;

6) келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамға әскери қызметтің зиянды және қауіпті жағдайлары және кәсіби науқас болу мүмкіндігі туралы, сондай-ақ әскери қызмет міндеттерін атқарумен байланысты құқықтардың шектелуін ескертуге;

7) әскери қызметшіні келісім-шартта көзделген лауазымға тағайындау туралы бұйрық шығаруға және осы келісім-шарттың 10-тармағына бұйрықтың күні мен нөмірін жазуға кепілдік береді.

5. Уәкілетті мемлекеттік орган лауазымды адамының мыналарға құқығы бар:

1) келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданушы (қабылданған) адаммен келісім-шартты Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерімен белгіленген жағдайларда жасасуға, ұзартуға, өзгертуге, бұзуға және тоқтатуға;

2) келісім-шарт жасасқан кезде әскери қызметке қабылданатын адамнан Заңның 16-бабында көзделген құжаттарды ұсынуын талап етуге;

3) өз өкілеттіктері шегінде бұйрықтар шығаруға;

4) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларында белгіленген тәртіппен көтермелеуге және тәртіптік жаза қолдануға.

6. Прапорщиктер мен мичмандардың лауазымдарында әскери қызметті өткеру туралы келісім-шарт оған екі тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және жасалған мерзім аяқталғаннан кейін немесе оны бұзуға байланысты өзінің қолданылуын тоқтатады.

Келісім-шартта және әскери қызметшіні лауазымға тағайындау туралы бұйрықта көрсетілген күн әскери қызметшінің қызметтік міндеттерін атқаруының басталуы болып саналады.

7. Келісім-шарттың талаптары тараптардың орындауы үшін міндетті болып табылады, тараптардың даулары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

8. Келісім-шарт екі данада жасалды және тараптардың қолы қойылуға тиіс. Келісім-шарттың бір данасы келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданған адамға беріледі.

9. Қосымша талаптар _____

(келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамның тегі, аты, әкесінің аты)

(уәкілетті мемлекеттік орган лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты)

(жеке қолы)

(жеке қолы)

М . О .

200_ жылғы "___" _____

200_ жылғы "___" _____

10. Әскери қызметшінің қабылдануы және қызмет бойынша орын ауыстыруы :

Прапорщик пен мичман тағайындалған лауазым (әскери бөлімді көрсете отырып), тағайындау (орын ауыстыру, босату) үшін негіздеме әскери есептік мамандық		Бұйрықты кім шығарды, оның мен күні		Ескерту нөмірі

11. Әскери атақ беру (төмендету):

Қандай әскери атақ берілді		Бұйрықты кім шығарды, оның мен күні		Ескерту нөмірі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК